Ш Е Ш І М
Қ А З А Қ С Т А Н Р Е С П У Б Л И К А С Ы Н Ы Ң
А Т Ы Н А Н

2024 жылғы 11 желтоқсан №5930-24-00-2/3188 Петропавловск қаласы

Солтүстік-Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Қ. Досаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен талап қою жөніндегі азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «СудКонсалтинг» басшысы Аян Ашимбекович Джолдасбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 267-1, 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер

«СудКонсалтинг» Жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талабы толығымен қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «СудКонсалтинг» басшысы Аян Ашимбекович Джолдасбеков мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «СудКонсалтинг» басшысы Аян Ашимбекович Джолдасбековтан мемлекет кірісіне 156 теңге (жүз елу алты) теңге 45 тиын тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «СудКонсалтинг» басшысы Аян Ашимбекович Джолдасбековтан жергілікті бюджет кірісіне 1 848 теңге (бір мың сегіз жүз қырық сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде аталған шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге құқылы.

Бұл шешімнің күшін жою туралы өтініш беруге мерзім өткеннен кейін, ал өтініш берілген жағдайда – бұл өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы сотпен ұйғарым шығарылғаннан кейін бір ай мерзім ішіндеаталған шешімге тараптармен шағым жасалуы, немесе апелляциялық тәртібінде прокурормен наразылық келтірілуі мүмкін.

Судья **Досаева А.Қ.**

Құжатқа қол қойылған: Досаева А. К., 11.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Кожахметова А. К., 21.01.2025

5930-24-3-1/3335